



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ АБАЙ ОБЛЫСЫ ФИЛИАЛЫ

ФЕЙК АҚПАРАТТАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ, ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Орындаушы:

Қасымов А.Ә.

Абай облысы әкімінің кеңесшісі

Семей қаласы, 2024 жыл.

Кімге: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі

ТАӘ және автордың қызметі: А.Ә.Қасымов, Абай облысы әкімінің кеңесшісі

Уақыты: 11.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырып: «Фейк ақпараттың қоғамға әсері, оның алдын алу жолдары

Өмірімізге жаңа технологиялардың дендеп енуі жаңа қауіп-қатерлерді тудыруда. Соның бірі - фейк ақпараттардың таралуы.

Фейк ақпарат дегеніміз не?

Фейк ақпарат дегеніміз - шындыққа жанаспайтын, алайда шынайы дереккөз ретінде ұсынылып, қоғамды адастыруға бағытталған ақпарат. Жалпы, фейк ақпараттар екі санатқа бөлінеді. Алғашқысында автор материалдың ішінде жалған ақпарат бар екенінен хабардар болса, екіншісінде жалған ақпараттың барын білмей, бірақ белгілі бір көзқарасқа баса назар аударту мақсатында әдейі ақпарат таратуы мүмкін.

“Lonos.com” сайты жалған ақпараттарды күрделі фейктер (deepfakes), кликбейт (clickbait), үгіт-насихат (propoganda), көзқарасын күшпен таныған ақпарат (biased news) деп бөліп қарастырған (1).

ГРАФИКА

Күрделі фейктер (deepfakes)
Кликбейт (clickbait)
Үгіт-насихат (propoganda)
Көзқарасын күшпен таныған ақпарат (biased news)

Күрделі фейктер - фейк ақпараттардың жаңа түрі. Видео арқылы жасалады.

Кликбейттің бір ғана мақсаты бар - адамдарды көбірек қызықтыру. Сол үшін тақырыпты айғайлатып қояды.

Үгіт-насихаттың мақсаты - әдейі, нашар саяси аргументтерді тарату.

Фейк ақпараттар қазіргі уақытта әлеуметтік желілер арқылы көп тарайды. Өкінішке қарай, көп тараған ақпаратты шынайы ақпарат деп қабылдайтын адамдар қатары аз емес.

“Channel 4” телеарнасы сауалнама жүргізгенде оған қатысқандардың 96 пайызы фейк ақпаратты жәй ақпараттан айыра алмаған. Фейк ақпараттар шынайы ақпараттан гөрі 6 есе жылдам тарайды екен.

Әсіресе әлемдік пандемия кезінде фейк ақпарат өте көп болды. Сол кезде елімізде “7-8 тамызда вирус шашылады”, “Ауру жұқтырғандардың көбеюіне байланысты оттегі балондарын дайындап жатыр”, “Антибиотик пен аспиринді пайдалану арқылы короновирусты жоюға болады” деген жалған ақпараттар тарады. Сөзімізге дәлел ретінде фейсбук компаниясының 2020 жылдың екінші тоқсанында 7 миллионнан астам жазбаны өшіргенін айтуға болады. Бұлар - ковид туралы жалған ақпарат пен расталмаған ақпарат. Бұл

өз кезегінде ақпарат құралдары мен әлеуметтік желіге деген сенімді азайтты.

“Statista.com” халықаралық зерттеу агенттігінің дерегінше, 2020 жылы әлем бойынша жүргізілген сауалнамаға қатысқандардың тек 35 пайызы әлеуметтік желілерге сенетінін айтқан. Бұл 2019 жылғы 40 пайыздан төмен. Ал “Edelman trust barometer” халықаралық зерттеу агенттігінің мәліметінше, 2020-2021 жылдары дүние жүзінде бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенім 8 пайызға төмендеген (2).

Алайда әлеуметтік желіге сенім төмендегенімен фейк ақпаратқа сенетін адамдар қатары азаймаса көбеймей тұр. Мұның қоғамға зиянын тигізетіні анық. Сонымен, фейк ақпараттың қандай қаупі бар?

1.ҚОҒАМДЫҚ ОЙ-САНАҒА ӘСЕРІ

Адамдар шын ақпарат пен фейк ақпаратты айыра алмаған кезде маңызды саяси-әлеуметтік мәселелерді түсінбей, ой-санасы шатасады. Адамдарда “барлық нәрсеге сенуге болмайды” деген жалпы түсінік қалыптасады. Бұл өз кезегінде сенімді дерек көздеріне деген қоғамдық сенімге селкеу түсіреді.

2.ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ

Дауасы жоқ аурулар мен Covid-19 секілді күрделі дертке қатысты жалған ақпараттар адамдардың денсаулығына байланысты кері шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін. Тіпті өмірімен қош айтысуы да ғажап емес.

3.ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІС

Көптеген фейк ақпараттар түрлі топтар арасында от жағып, әлеуметтік шиеленіс тудыруға бағытталған. Бұл тіпті сайлау нәтижесіне де әсер етуі мүмкін.

4.БІЛІМ САЛАСЫ

Университеттер мен колледж студенттері тапсырма орындау үшін сенімді ақпарат көздерін пайдаланғаны ләзім. Сенімсіз дерек көздерін пайдаланған студенттер төмен баға алуы мүмкін.

Фейк ақпаратпен әлем елдері қалай күресіп жатыр?

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ҚАНДАЙ?

Әлемде жалған жаңалықпен күрес АҚШ-тағы 2016 жылғы сайлаудан кейін басталған екен.

Германия 2018 жылы фейсбук және твиттер сияқты әлеуметтік медиа компанияларына желілеріндегі жекөрушілік не өшпенділік бағытында жазылған пост не сөздерді тез арада жою туралы заң қабылдады.

Франция үкіметі 2021 жылы шетелдік дезинформациямен және фейк ақпараттармен күресетін агенттік құрды.

Швецияда 2022 жылы фейк ақпаратпен күресетін психологиялық қорғаныс агенттігі ашылды.

Ўзбекистонда қылмыстық кодекске жалған ақпарат таратуға қатысты жаңа бап енгізілді.

Германияның Mecklenburg-Vorpommern федералды штатында мектеп оқушыларына информатика және медиатану курсы оқытылады.

Ал Финляндияда фейк ақпаратпен күрес шаралары мектептен басталады. Ел астанасы Хельсинкиде орта мектептерде медиасауаттылық пен сыни ойлау қабілетін дамыту міндетті пән ретінде оқу бағдарламасына енгізілген. Математика сабағында оқушыларға фейк ақпаратты жасаушылардың статистиканы қалай бұрмалайтыны түсіндіріледі. Бейнелеу өнері сабағында бейнені қалай қолдан жасауға болатыны оқытылады.

Фейк ақпаратпен күресте қолданылатын негізгі тәсілдер:

1.Сын тұрғысынан ойлау.

Ақпаратты алған кезде оны бірден қабылдамай, сын тұрғысынан қарастырыңыз. Кім бұл ақпаратты таратты, ақпарат көзі сенімді ме, басқа дереккөздермен расталған ба деп сұраңыз.

2.Фактчекинг сайттарын пайдалану.

Мысалы, FactCheck немесе Snopes сияқты ресурстарды қолданыңыз. Қазақстанда “Factcheck.kz” сайты бар, ол жергілікті және халықаралық жалған ақпаратты тексеруге көмектеседі.

3. Ақпарат көздерін тексеру.

Ақпараттың қайдан шыққанына назар аударыңыз. Сенімді ақпарат көздері әдетте белгілі бір беделге ие және ұзақ уақыт жұмыс істеп келеді.

4. Өртүрлі дереккөздерді салыстыру.

Бір ақпарат басқа тәуелсіз дереккөздерде де расталғанын тексеріңіз. Егер бірнеше сенімді ақпарат көздері бірдей мәлімет берсе, оның дұрыстығының ықтималдығы жоғары.

5. Эмоциялар мен манипуляцияларды анықтау.

Фейк ақпарат көбіне эмоцияларға әсер етуге тырысады (қорқыныш, ашу-ыза, таңдану т.б.). Егер ақпарат сізде күшті эмоционалды реакция тудырса, бұл манипуляция болуы мүмкін.

6. Расталмаған ақпаратты таратпау.

Ақпараттың шынайылығына сенімсіз болсаңыз, оны басқа адамдарға таратпаңыз. Бұл фейктердің таралуын шектейді.

7. Медиа сауаттылық.

Медиа сауаттылықты арттыру арқылы ақпаратты дұрыс сұрыптауды және манипуляциялардан сақтануды үйреніңіз.

8. Әлеуметтік желілерді баптау.

Әлеуметтік желілердегі ақпараттарды сүзгіден өткізіп, тек сенімді дереккөздерді бақылаңыз. Белгісіз және тексерілмеген парақшалар мен аккаунттардан таралған ақпаратқа сақ болыңыз.

Осы тәсілдер фейк ақпаратқа қарсы күресте көмектеседі және ақпараттық қауіпсіздікті сақтауға мүмкіндік береді.

Ұсыныс және шешу жолдары:

Жалған ақпаратпен күрестегі маңызды қадамдардың бірі - халықтың сауатты болуы. Әсіресе мектеп оқушыларынан бастап оқытудың маңызы зор. Осы ретте жоғарыда аталған Германия мен Финляндия тәжірибесін еліміздегі мектептерге енгізу мәселесін қарастыру керек деп ойлаймын.

1.Еліміздегі орта мектептерге медиасауаттық пен сыни ойлау қабілетін дамыту қосымша пән ретінде оқу бағдарламасына енгізілсе.

2.Мәдениет және ақпарат министрлігі жанынан фейк ақпаратпен күресетін агенттік құрылса артық етпейді деп санаймын.

Сілтемелер мен пайдаланған ақпараттар:

1. “Lonos.com” сайты

lonos.com

2. “Edelman.com” сайты. <https://www.edelman.com/>

3. “Жалған ақпарат: Анық-қанығын қалай анықтаймыз?”

<https://anatili.kazgazeta.kz/news/61905> Ақбота Мұсабекқызы, “Ана тілі” газеті.
2023 жыл, 1 маусым.

4. Фейк ақпараттардан қалай сақтанамыз?

<https://www.minber.kz/2022/08/fejk-aqparattardan-qalaj-saqtanamyz/>

Есенгүл Кәпқызы. “Minber.kz” сайты.

5. Фейк ақпарат: отандық және әлемдік тәжірибе, медиасауаттылықты арттыру мен жазалау шаралары. https://kaz.inform.kz/news/feyk-akparat-otandyk-zhane-alemdik-tazhiribe-mediasauattylykty-arttyru-men-zhazalau-sharalary_a3896221/ Назерке Сүйіндік. 07.02.2022. “Қазақпарат” ақпарат агенттігі.